

Мен елімді сүйемін! (Мәнерлеп оқу сайысы)

Мақсаты: Егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақты туған жерін, елін сүйуге, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу, балалардың тілін дамытып, сөздік қорларын молайту және есте сақтау қабілеттерін нығайту.

Жүргізуші:

Қайырлы күн!

Ана тілін ардақ тұтар тіл жанашырлары!

Армысыздар, өрлі де, асқақ рухты тәуелсіз елдің жас ұландары!

Бүгінгі «Мен елімді сүйемін!» атты мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер!



Жүрг: Әділқазы алқасы армысыздар!

Бейне бір жауатұғын қармысыздар.

Қатысушыларға әділ баға беретұғын

Әділеттен жаралған жанбысыздар?! – дей келе, ең алдымен сайысымызды бастамас бұрын,

әділ - қазылар алқасымен таныстырайын:

Әділ-қазылар:

Балабақша әдіскері: Уразалина Г.Б.

"Қазақ тілі" қоғамының төрайымы: Косанова Г.С.

Жүрг: Қазақпын мен, қазақтың бөлшегімін,

Қажеті не басқаның өлшемінің.

Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,

Енді міне жетеді көпке үнім - дей келе, мәнерлеп оқу сайысына қатысушыларды таныстыра кетейік. Ортаға сайысқа қатысатын балаларды қошеметтеп ортаға шақырайық!

Менің Отаным Қазақстан

Кәусар: Отаным менің Қазақстан

Ыстық қой сенің топырағың

Орманың, көлің, бау-бағың,

Қастерлеген қазағым.

Найзаның ұшымен қорғаған,

Халқым менің мықты ғой

Ата-бабам әрқашан

Салт-дәстүрін сақтаған

Әрбір қазақ батыры,

Желбіреткен көк туын

Кең байтақ жерге қазағым,

Егін егіп, мал жайған,

Күзде піскен егінді,

Жинап алып ас қылған

Аман болсын ел-жұртым

Тыныш болсын Отаным.



Сулейман: Қазақстан дейтін менің бар елім,


Жатыр алып жарты дүние әлемін.

Бұл далада атам қолға ту алған,

Бұл далаға жылап келіп уанғам

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Бұл далада өскен жанда жоқ арман.



Егеменді елім

Арман: Егеменді еліміз,
Кең байтақ бұл жеріміз.
Құшақ ашқан халықпыз
Бақыттымыз сеніңіз
Гүл жайнашы –Отаным
Тарихым бар ертеден,
Қазақ неткен көркем ең
Гүл жайнашы –Отаным
Сеніменен көркейем.



Туған елім

Даулетова Арайлым

Абылайхан: Отаным-туған жерім
Өзің деп тербелемін
Қазақ болып туғаным
Мақтанып мен келемін.

Гүлденсе екен деймін,
Тәуелсіз елім,жерім,
Нұрланып,жасара бер!
Ең қымбат,Ұлы елім!



Отан

Нұрхан:Отан деген берекелі отбасы,
Сүйер оны адамзаттың баршасы.
Мен бақытты бүлдіршінмін бүгінде,
Жоқ қой оған ешкімнің де таласы.
Бұның бәрі татулықтың арқасы,
Тәуелсіздік—елдігімнің бастауы.



Көк туым

Айназым:Аспанымдай көк туым
Тудан нұрын төкті күн
Қанат қақтық қырандай,
Тәуелсіз ел боп бүгін.
Туда ұлттық өрнегім,
Өнерім ғой ол менің.
Қандай бақыт көгімнен
Көк туымды көргенім.



Он алтыншы желтоқсан

Еркебұлан: Он алтыншы желтоқсан —
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.
Мерекеге шығады
Бүкіл халық, біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік — ұлық той.




Тәуелсіздік

Бағлан: Тәуелсіздік – тартуы ол тәңірдің,
Тәуелсіздік – маңдайдағы бағым бұл.
Тәуелсіздік – сыбағасы халқымның,
Тәуелсіздік – таймайтұғын тағым бұл.
Тәуелсіздік – бабам берген аманат.
Тәуелсіздік келешектің кепілі.
Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,
Тәуелсіздік өткен күннің өтілі.



Мақтан етем мен!

Разихан: Туын көкке көтерген,
Теңдей болған шет елмен.
Тәуелсіз туған елімді,
Өркез мақтан етем мен!
Тәуелсіздік ұраны
Самғаған биік қыраны
Мен болашақ ертеңі,
Қазақтың жас ұланы!
Қазақстан – Отаным



Абат: Желбіреткен тұлымын,
Мен қазақтаң ұлымын.
Қазақстан – Отаным,
Тәуелсіздік – тұғырым!
Көкте күнім күлімде,
Атты күліп ғажап таң!
Тәуелсіз Ел бүгін де,
Отанымыз Қазақстан!
Азат елдің ұланымын,
Қазақ елдің қыранымын.
Кең жайлаудың жағасында,
Ағып жатқан бұлағымын.
Қазағымның намысымын,
Қазағымның арысымын.
Елін, жерін мақтан тұтар,
Мәңгілік ел барысымын.



Менің елім-Қазақстан

Менің елім Қазақстан

Ләйла: Менің елім-Қазақстан,
Бейбітшілік мекені.
Еш жерден де таппайсың,
Дәл осындай өлкені.
Желбіреді көк туым,
Шырқалды Әнұраным.
Елдігіміз-Елтаңбам,
Қалықтайды қыраным.
Азат елмін, еркінмін,
Тәуелсіздік-айбарым.
Ашық болып аспаным,
Желбіресін байрағым.

Жүрг: Елімізде бақ-береке, ырыс болсын,
Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын.
Халқымның ахуалы дұрыс болсын,
Отанымыз әрқашанда тыныш болсын! – деп

«Мен елімді сүйемін» атты мәнерлеп оқу сайысын аяқтаймыз.

Жүргізуші: Ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар алқасының шешімімен марапатталып, мақтау қағаз бен сыйлықтарға ие болды.

Жүргізуші: Бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз. Тәуелсіздіктің тұғыры биік, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын!



«БОЛАШАҚ» БЕСТАМАҚ БАЛАЛАР БАҚШАСЫ



**«Мен елімді сүйемін»
балабақшаішілік
мәнерлеп оқудан сайыс**

Ұйымдастырушы: музыка жетекшісі Наурзалиева А.А.

Желтоқсан 2023жыл